

«Химия пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы заманауи педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы педагогтардың біліктілік арттыру курсының бағдарламасына

П І К І Р

Жалпы білім беру ұйымдарының химия пәні мұғалімдеріне арналған педагогтердің біліктілігін арттыру курсының «Химия пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы заманауи педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдер» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы орта мектептердегі химия пәні мұғалімдерінің біліктілігін жоғарылатуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты химия пәнінің ғылыми және логикалық таным әдістерін жеткілікті меңгерген, дүниенің ғылыми бейнесіндегі тіршіліктің орны мен мәнін сауатты бағдарлайтын, теорияларды, заңдылықтарды, ұғымдар жүйесін меңгерген, өз тәжірибесінде заманауи педагогикалық технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолданатындай біліктілігі бар пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Бағдарлама мазмұны бес модульден құралған:

1. Оқыту үдерісінің нормативтік және құқықтық негіздері;
2. Білім беру үдерісіндегі тәрбиелік, педагогикалық –психологиялық мәселелерді оңтайлы шешу жолдары;
3. Оқушыларға білім берудің мазмұнын, оқыту әдістері мен тәсілдерін заманауи талаптарға сай бейімдеу;
4. Білім беру кеңістігінде бәсекелестікке қабілетті болу мақсатында ақпаратты-коммуникациялық және сандық технологияларды қолдану;
5. Мұғалімнің кәсіптік, зерттеу құзыреттілігін дамыту және жетілдірудің механизмдері.


Біліктілікті арттыру курсын өткізу барысында оқытудың заманауи технологиялары мен әдістерін (лекциялар, тәжірибелік және әдістемелік сабақтар, белсенді жаттығулар жүйесі, коллаборативті оқыту, проблемалық оқыту, сабақтарда STEM-технологияны және виртуалды жұмыстарды пайдалану) қолдану жоспарланған.

Тыңдаушылардың курс нәтижесінде жеткен жетістіктерін анықтау мақсатында шағын сабақтардың презентациясы, жоба жұмыстарын қорғау, шығыс тестілерін тапсыру іс-шараларын өткізу көзделген.

«Химия пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы заманауи педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдер» білім беру бағдарламасы орта мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жоғарылатуға бағытталған және аталған тақырып бойынша мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру курсын өткізуді қолдаймыз.

Пікір беруші:

№52 мектеп-лицейінің химия пәні
мұғалімі, педагог-зерттеуші

 Камалова Ұ.

